$$I_{\text{y}} = I_{\text{кз}} \cdot \sqrt{1 + 2 \cdot (k_{\text{yд}} - 1)^2} = 6393,4 \cdot \sqrt{1 + 2 \cdot (1,61 - 1)^2} = 8443,6 \text{ А} \approx 8,4 \text{ кА}$$

Таңдалған ажыратқышты сөндіру қабілетіне тексереміз:

$$I_{\text{ДОП}} = 20 \text{ кА} > I_{\text{yд}} = 8,4 \text{ кА};$$

τ кезіндегі ҚТ тоғының апериодты құраушысы:

$$i_{\text{a.}\tau} := \sqrt{2} \cdot I_{\text{НОМ}} \cdot e^{-\frac{\tau}{T_a}}$$

$$\tau := 0,06 \text{ с} \quad I_{\text{НОМ}} = 6,3934 \text{ кА} \quad T_a := 0,06 \text{ с}$$

$$i_{\text{a.}\tau \text{ вн}} = \sqrt{2} \cdot I_{\text{НОМ}} \cdot e^{-\frac{\tau}{T_a}} \quad i_{\text{a.}\tau \text{ вн}} = 3,326 \text{ кА}$$

$$\beta_{\text{норм}} := 0$$

$$i_{\text{а.норм}} := \sqrt{2} \cdot I_{\text{откл.норм}} \cdot \frac{\beta_{\text{норм}}}{100}$$

$$i_{\text{а ном}} = 0$$

$I_{\text{откл.норм}} > I_{\text{п.т.вн}}$, $i_{\text{а ном}} > i_{\text{а.т.вн}}$ болғандықтан, ажыратқыштың сөндіру қабілетіне тексеру ҚТ толық тоғы бойынша жүзеге асырылады. Сөндірудің толық тоғы:

$$I_{\text{п.т.нн}} := I_{\text{п.0.вн}}$$

$$I_{\text{откл.норм}} = 20 \text{ кА} > I_{\text{п.т.вн}} = 6,393 \text{ кА}$$

$$i_{\text{а ном}} = 0 < i_{\text{а.т. вн}} = 3,326 \text{ кА}$$

Таңдалған ажыратқышты электродинамикалық тұрақтылығын тексереміз:

$$I_{\text{дин}} = 20 \text{ кА} > i_{\text{уд}} = 14,6 \text{ кА}$$

$t_{0\text{ТКЛ}} = 0,06 + 0,645 = 0,705 \text{ с} < t_{\text{тер}} = 3 \text{ с}$ болғандықтан, температуралық тұрақтылыққа тексеру мына шартпен орындалады:

$$T_{\text{а}} := 0,06 \text{ с} \quad t_{0\text{ТКЛ}} := 0,705 \text{ с} \quad I_{\text{п0вн}} = 6,393 \text{ кА} \quad I_{\text{тер}} := 20 \text{ кА}$$

$$B_{\text{к}} := I_{\text{п.0.нн}}^2 \cdot \left[t_{\text{откл}} + T_{\text{а}} \cdot \left(1 - e^{-\frac{2 \cdot t_{\text{откл}}}{T_{\text{а}}}} \right) \right] \quad B_{\text{к}} = 31,266 \text{ кА}^2 \cdot \text{с}$$

$$I_{\text{тер}}^2 \cdot t_{\text{откл}} > B_{\text{к}}$$

$$I_{\text{тер}} \cdot t_{\text{откл}} = 20^2 \cdot 0,705 = 282 \text{ кА}^2 \cdot \text{с} > B_{\text{к}} = 31,266 \text{ кА}^2 \cdot \text{с}$$

Ажыратқыш барлық талаптарды қанағаттандырады.

Айырғышты таңдау. Жоғарғы кернеудегі айырғыштарды таңдау.

Айырғыштарды мына талаптар бойынша таңдалады:

$$\begin{aligned}
U_{\text{ном}} &\geq U_{\text{сети.ном}}; \\
I_{\text{ном}} &\geq I_{\text{норм.расч}}; \\
K_{\text{п}} \cdot I_{\text{ном}} &\geq I_{\text{прод.расч}} = I_{\text{раб.нб}}; \\
i_{\text{дин}} &\geq i_{\text{уд}}; \\
I_{\text{тер}}^2 \cdot t_{\text{тер}} &\geq B_{\text{к}} \text{ при } t_{\text{откл}} \geq t_{\text{тер}} \text{ и } I_{\text{тер}}^2 \cdot t_{\text{откл}} \geq B_{\text{к}} \text{ при } t_{\text{откл}} \leq t_{\text{тер}}.
\end{aligned}$$

Есептелген шарттарға байланысты жоғарғы кернеуге РГПЗ-1-110/1250-II-УХЛ1 типті айырғыш таңдаймыз.

$$\begin{aligned}
U_{\text{ном}} &= 110 \text{ кВ} = U_{\text{сети.ном}} = 110 \text{ кВ} \\
I_{\text{ном}} &= 1250 \text{ А} > I_{\text{прод.расч.}} = 80,32 \text{ А} \\
I_{\text{скв.ампл}} &= 63 \text{ кА} > i_{\text{у}} = 16,04 \text{ кА} \\
I_{\text{пред.терм}} &= 25 \text{ кА} > I_{\text{у}} = 9,3 \text{ кА}
\end{aligned}$$

Айырғыштар барлық талаптарды қанағаттандырады. Асқын кернеуді шектеушілерді таңдау.

Қосалқы станция трансформаторын сыртқы мен ішкі асқын кернеулерден қорғау үшін ОПН орнатамыз.

ЖК (110 кВ) жағы:

Номиналдық кернеу бойынша ОПН-II-110/77 УХЛ1, ОПН-II-110/56 УХЛ1.

Келесі шарттар бойынша тоқ трансформаторларын таңдаймыз.

$$\begin{aligned}
U_{\text{ном}} &\geq U_{\text{сети.ном}}; \\
I_{\text{ном}} &\geq I_{\text{норм.расч}}; \\
k_{\text{п}} \cdot I_{\text{ном}} &\geq I_{\text{прод.расч}} = I_{\text{раб.нб}};
\end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
i_{\text{дин}} &\geq i_{\text{уд}} \text{ или } \sqrt{2} \cdot I_{\text{ном}} \cdot k_{\text{дин}} \geq i_{\text{уд}}; \\
I_{\text{тер}}^2 \cdot t_{\text{тер}} &\geq B_{\text{к}} \text{ или } (I_{\text{ном}} \cdot k_{\text{тер}})^2 \cdot t_{\text{тер}} \geq B_{\text{к}};
\end{aligned}$$

$$Z_{2\text{ном}} \geq Z_{2\text{расч}},$$

мұндағы $k_{\text{дин}}$ и $k_{\text{тер}}$ – температуралық және динамикалық тұрақтылыққа сай еселігі тоғы;

$Z_{2\text{ном}}$ – ТТ-ның екіншілік тізбегіндегі номинал кедергісі, берілген дәлділік классына сәйкес жұмыспен қамтамасыз етеді, Ом;

$Z_{2\text{расч}}$ — екіншілік тізбектің кедергісі, Ом. ТТ. дәлдік классын тағайындалуына сәйкес таңдалады. Егер ТТ-на электр энергиясының есептемелік счетчиктер орнатылса, онда оның дәлдік классы 0,5-тен кем болмау

қажет. Ал тек шитты өлшегіш құрал қосылатын болса, дәлдік классы 1 болса жеткілікті.

Дәлдік классымен алынған мән бойынша ТТ-пен жұмыс жасау үшін, екіншілік тізбектегі жүктеме номиналдық мәннен аспауы керек, яғни $I_{2ном}=5 \text{ А}$

$$S_2 \approx I_{2ном}^2 \cdot Z_2 \approx 25 \cdot Z_2 \leq S_{2ном} .$$

ТТ есептемелік жүктемесі $Z_{2расч}$ түйіспелер мен сымдардағы қуат шығынынан, өлшеуіш құралдардың жүктемелерінен құралады трансформатордың екіншілік тізбегін тізбектей қосылған құрал орамдарының қосынды кедергісі $Z_{\Sigma приб}$, фаза бойынша таралуы және қосылу сұлбесіне сәйкестеп есептейді. Өлшеуіш құралдардың үшсызықты қосылу сұлбесін құрастыру кезінде құралдың жалғану сұлбесін ескеру қажет.

Екіншілік тізбек сымның кедергісі жолға орнатылған сымның $L_{тр}$ ұзындығынан, қимасынан және ТТ-ң қосылу сұлбесінен тәуелді

110 кВ Қ/СТ-ның екіншілік тізбегінде алюминий кабель қолданылады ($\rho=0,028 \text{ Ом}\cdot\text{мм}^2/\text{м}$).

1. Сымның қимасын есептеу дәлдік талаптарына сәйкес таңдайды.

ТТ-ның дәлдік классының жұмысын қамтамасыз ету үшін рұқсат етілген жүктеме шарты бойынша сымның кедергісі мынадай болады:

$$Z_{пров} \leq Z_{2ном} - Z_{\Sigma приб} - Z_{конт} ,$$

Мұндағы $Z_{конт}$ – түйіспелер кедергісі.

$Z_{пров} \approx r_{пров}$. теңсіздігін тексерсек, онда сымның рұқсат етілген қимасы төмендегі өрнектен кем болмау қажет, мм^2 ,


$$S = \rho \cdot L_{расч} / r_{пров} ,$$

мұндағы ρ – сымның материалының меншікті кедергісі;

$L_{расч}$ - ТТ –ның қосылу сұлбесінен тәуелді сымның есептік ұзындығы.

ӨҚТ –ға қосылған ТТ-ын таңдау:

ӨҚТ –ға қосылған өлшеуіш құралдардың қосылу сұлбесі төмендегі суретте келтірілген.



1.3-сурет – Өлшеуіш құралдың қосылу сұлбесі

Өзіндік қажеттіліктерге қажетті активті энергия ереже бойынша ӨҚТ-ның жоғарғы кернеу жағында есептеледі. Бірақ ӨҚТ-ның жоғарғы кернеуі жағында орнатылған ӨТТ Есептемелік счетчик керекті дәлдікпен жұмыс істеуін қамтамасыз етпейді, сондықтан ӨҚТ-ның ТК жағының ТТ-на өлшегі құралмен счетчик орнатуға рұқсат беріледі. Осы жағдайда ӨҚТ-ның энергия шығыны есептелмейді.

ЖК жағында орнатылған ТТ-на өлшегі құралмен счетчикті қосу кезінде ағымдық режимнің есептемелік тоғы:

$$P_{\max.сн} := 564\text{кВт} \quad \cos\phi_{сн} := 0.88 \quad U_{\text{НОМ}} := 10\text{кВ}$$

$$I_{\text{раб.нб}} := \frac{P_{\max.сн}}{\sqrt{3} \cdot U_{\text{НОМ}} \cdot \cos\phi_{сн}} \quad I_{\text{раб.нб}} = 37,02 \text{ А}$$

Счетчиктардың керекті дәлдікпен жұмысын ТМ-100/10 типті ТТ атқарады. Олар электрдинамикалық және термиялық тұрақты болып келеді.

ҚТ-ң соқтық тоғы :

$$I_{\text{П.0.ТСН}} = I_{\text{кз.нн}} = 6393,4 \text{ кА} \quad k_{y\theta} = 1,61 \quad T_a := 0.06\text{с}$$

$$i_{y\theta} = \sqrt{2} \cdot 1,61 \cdot 6393,4 = 14557 \text{ А} \approx 14,6 \text{ кА}$$

ҚТ процессі басталу кезінде бірінші периодтағы Қт тоғының ең үлкен әсерлік мәні.

$$I_y = I_{кр} \cdot \sqrt{1 + 2 \cdot (K_{y0} - 1)^2} = 6393,4 \cdot \sqrt{1 + 2 \cdot (1,61 - 1)^2} = 8443,6 \text{ A} \approx 8,4 \text{ кА}$$

$t_{откл} := 0.105 \text{ с}$

$$B_k := I_{п.0.тсн_нн}^2 \cdot \left[t_{откл} + T_a \cdot \left(1 - e^{-\frac{2 \cdot t_{откл}}{T_a}} \right) \right]$$

$$B_k = 6,67 \text{ кА}^2 \text{ с}$$

$$I_{мер}^2 \cdot t_{мер} > B_k$$

$$I_{мер} = 20 \text{ кА} \quad t_{мер} = 1 \text{ с}$$

$$I_{мер}^2 \cdot t_{мер} = 20^2 \cdot 1 = 400 \text{ кА}^2 \cdot \text{с} > B_k = 6,67 \text{ кА}^2 \text{ с}.$$

Таңдалынған ТТ барлық шартты қанағаттандырады. Дәлдік класспен жұмысын тексеру мақсатында өлшегіш құралдардың жүктемесіне есеп жүргіземіз.

1.4-кесте – Есептік құрылғылардың параметрлері

Құрал	Құрал түрі	Тоқ өлшегіш құралдардағы жүктеме, В*А, фаза бойынша		
		А	В	С
Амперметр көрсеткіші	Э-365.1	0,5	—	-
Ваттметр көрсеткіші	Ц-301/1	0,5	-	0,5
Есептік счетчик	ЕА05RAL-C -4	2,5	—	2,5
Барлығы		3.5	—	3,0

ТТ- көбірек жүктелген фазасы –А. Осы фазаға қосылған құралдың жалпы кедергісі:

$$S_{приб} = 0,5 \text{ В} \cdot \text{А} \quad I_2 := 5 \text{ А}$$

$$R_{приб} := \frac{S_{приб}}{I_2^2} \quad R_{приб} = 0.14 \cdot \text{Ом}$$

0,5 класс дәлдігінде номиналды екіншілік жүктемесі 0,4 Ом құрайды. Түйіспелердің кедергілерін 0,05 Ом деп қабылдап, онда сымның кедергісі:

$$R_{2ном} := 0.4 \cdot \text{Ом} \quad R_{конт} := 0.05$$

$$R_{пров} := R_{2ном} - R_{приб} - R_{конт} \quad R_{пров} = 0.21 \cdot \text{Ом}$$

Алюминді өзекшесі бар біріктірілетін сымның ұзындығын $L_{тр}=25$ метр деп қабылдаймыз, екі фазаға ТТ орналасуын ескеріп, олардың қимасын анықтаймыз:

$$L_{тр} := 25 \cdot \text{м} \quad \rho := 0.028 \cdot \text{Ом} \cdot \frac{\text{мм}^2}{\text{м}}$$

$$L_{расч} := \sqrt{3} \cdot L_{тр} \quad L_{расч} = 43.301 \cdot \text{м}$$

$$S := \frac{\rho \cdot L_{расч}}{R_{пров}} \quad S = 5.774 \cdot \text{мм}^2$$

6 мм² қимасымен АҚРВГ маркалы бақылайтын кабелін таңдаймыз. 10 кВ тарату құрылғысынан кететін, кабельдік желіге орнатылатын ТТ:

$$S_{маx.нн} = 14 \text{ МВА} \quad N_{кл} = 14 - \text{екісызықты кабельдік желі саны.}$$

$$U_{ном.нн} = 10 \text{ кВ} \quad I_{раб.нб.нн.кл} = \frac{S_{маx.нн}}{\sqrt{3} \cdot U_{ном.нн} \cdot N_{кл}} = 54,99 \text{ А}$$

ТЛШ-10-1 типті ТТ-ы алынады:

$$U_{ном} = 10 \text{ кВ} = U_{сети.ном} = 10 \text{ кВ}$$

$$I_{ном} = 1000 \text{ А} > I_{прод.расч.} = I_{раб.нб} = 54,99 \text{ А}$$

$$i_{пред.ска.} = 63 \text{ кА} > i_{уд.маx.нн} = 14,6 \text{ кА}$$

$$t_{откл.} = 0,705 \text{ с} < t_{мер} = 4 \text{ с}, I_{мер} = 81 \text{ кА}$$

$$I_{мер}^2 \cdot t_{откл.} = 156,06 \text{ кА}^2 \cdot \text{с} > B_{к} = 31,266 \text{ кА}^2 \cdot \text{с}$$

0,5 дәлдік класспен жұмысын тексеру мақсатында өлшегіш құралдардың жүктемесіне есеп жүргіземіз.

1.5-кесте – Есептік құрылғылардың параметрлері

Құрал	ҚҰРАЛ ТҮРІ	Тоқ өлшегіш құралдардағы жүктеме, В*А, фаза бойынша		
		А	В	С
Амперметр көрсеткіші	Э33	0,	0,5	0,5
Есептік счетчик	ЕА	2,	-	2,5
Барлығы		3,	0,5	3,0

ТТ- көбірек жүктелген фазасы –А. Және С Осы фазаларға қосылған құралдың жалпы кедергісі:

$$S_{\text{приб}} := 3 \cdot V \cdot A \quad I_2 := 5 \cdot A$$

$$R_{\text{приб}} := \frac{S_{\text{приб}}}{I_2^2} \quad R_{\text{приб}} = 0.12 \cdot \text{Ом}$$

0,5 класс дәлдігінде номиналды екіншілік жүктемесі 0,4 Ом құрайды. Түйіспелердің кедергісін 0,05 Ом деп қабылдап, онда сымның кедергісі:

$$R_{\text{конт}} = 0,05 \text{ Ом}$$

$$R_{2\text{ном}} = 0,4 \text{ Ом}$$

$$R_{\text{пров}} = R_{2\text{ном}} - R_{\text{приб}} - R_{\text{конт}}$$

$$R_{\text{пров}} = 0,23 \text{ Ом}$$

Алюминді өзекшесі бар біріктірілетін сымның ұзындығын $L_{\text{тр}}=35$ метр деп қабылдап, екі фазаға ТТ орналасуын ескеріп, олардың қимасын анықтаймыз:

$$L_{\text{тр}} := 35 \cdot \text{м} \quad \rho := 0.028 \cdot \text{Ом} \cdot \frac{\text{мм}^2}{\text{м}}$$

$$L_{\text{расч}} := L_{\text{тр}} \quad L_{\text{расч}} = 35 \cdot \text{м}$$

$$S := \frac{\rho \cdot L_{\text{расч}}}{R_{\text{пров}}} \quad S = 4.261 \cdot \text{мм}^2$$

Табылған қима бойынша 6 мм^2 қималы АКРВГ маркалы бақылау кабелін таңдаймыз. Таңдалынған ТТ барлық шартты қанағаттандырады.

Кернеу трансформаторларды таңдау.

Келесі шарттарға сәйкес таңдалады:

1. $U_{1\text{ном}} \geq U_{\text{сети.ном}}$;
2. $S_{\text{ном}} \geq S_{2\text{расч.}}$;
3. дәлдік класы бойынша;
4. құрылымы және қосылу сұлбесі бойынша.

мұндағы $S_{2\text{ном}}$ – берілген дәлдік классының жұмысына сәйкес және КТ-ң екіншілік тізбегінде пайдаланылатын номинал толық қуат; $S_{2\text{расч}}$ - екіншілік тізбегінде пайдаланылатын есептік толық қуат.

КТ-ң тізбегіндегі сымның қимасы механикалық беріктік және рұқсат етілетін кернеу шығынынан анықталады.. Бұндайда алюминді сымның қимасы механикалық беріктік шарты бойынша $2,5 \text{ мм}^2$ аспауы керек.

КН типі оның тағайындамасымен таңдалынады.. Егер КТ-нан есептік счетчиктер қорек көзін алатын болса, екі бірфазалық НАМИ серилы КТ-н қолдану тиімді. Жалғыз үшфазалы КТ-на қарағанда, екі бірфазалық КТ қуатты болып келеді, және де бағалары шамалас. 110 кВ пен одан жоғары кернеуде НКФ сериялы каскадты КТ қолданады.

1.6-кесте – Есептік құрылғылардың параметрлері

Құрал	Құрал түрі	Р _{общ.} Вт	Q _{Σ.} вар
V	Ц-301/1	3	-
V	Ц-301/1	3	-
Счетчик ЕвроАльфа	EA05RAL-C -4	38,4	89,28
Барлығы		44,4	89,28

Есептік екіншілік жүктеме:

$$S_{2p} = \sqrt{P^2 + Q^2} = \sqrt{44.4^2 + 89.28^2} = 99.72 \text{ ВА}$$

110 кВ шинада КТ таңдау.

НКФ-110Б-83У1 типті КТ таңдаймыз

КТ-на қосылатын құралдар.

- аамперметр көрсеткіші
- вольтметр тіркеуші
- частотомер тіркеуші
- есептік счетчик

0,5 класс дәлдігінде номиналды екіншілік жүктемесі 100 В*А құрайды., ол есептік жүктемеден неғұрлым жоғары.

10 кВ шинада КТ.НАМИ-10-66У3 Шина таңдау.

Шина келесі шарттарға сәйкес таңдалады:

$$U_{ном} \geq U_{ном.уст}, I_{доп.прод} \geq I_{утяж},$$

$$S_{min} = \alpha \cdot I_{кз} \sqrt{t_{привод}} \leq S_{пров}, \sigma_{доп} \geq \sigma_{max};$$

$$\alpha = 12, t_{привод} = 1;$$

Ұзақтық режимнің есептік тогын анықтаймыз:

$$I_p = \frac{S_{mp}}{\sqrt{3} \cdot U_{ном}} = \frac{16 \cdot 10^3}{\sqrt{3} \cdot 10} = 923 \text{ А}$$

$$I_{max} = 1.35 \cdot I_p = 1,35 \cdot 2309,4 = 1247 \text{ А}$$

2 Қосалқы станцияның релелік қорғанысы

2.1 ПУЭ бойынша релелік қорғанысқа қойылатын талаптар

- Ереженің негізгі бөлімі өнеркәсіп пен басқа да 1 кВ-тан жоғары электрқондырғылар, энергожүйенің электр бөлігі элементтерінің релелік қорғанысы (РҚ) құрылғыларына қатысты [9].

- Электрқондырғылары РҚ құрылғыларымен қамтамасыздандырылуы қажет, ол құрылғылар мыналар үшін арналған:

а) ажыратқыштың көмегімен электрқондырғылардың зақымдалған бөлігін зақымдалмаған бөлігінен ажыратып автоматты түрде сөндіру;

б) энергожүйесінің элементтерінің қауіпті және қауіпсіз режимде жұмысын анықтау; РҚ электрқондырғыларының пайдалану шарты және жұмыс режиміне байланысты кейбір зақымдануды тудыратын элементтері өшіруіне және белгі белуі арқылы орындалады.

- РҚ құрылғылары жүйенің зақымдалмаған бөлігінің үздіксіз жұмысын сақтау мақсатында қысқа тұйықталу (ҚТ) орын алған кезінде мүмкін болатын ең тез өшірілу уақытын қамтамасыз ету керек.

- Өшірілуге әсер ететін РҚ зақымдалған ғана элементті өшіру – селективтілік талабын орындауы қажет.

Қорғаныстың селективті емес жұмысы (АПВ мен АВР қайтарылатын әсерімен) рұқсат етеді:

а) егер қажет болатын болса ҚТ –дың өшірілуін тездету мақсатында;

б) трансформатар немесе желі тізбегінде бөлгіші бар қарапайымдатылған негізгі электр сұлбесін қолдану кезінде.

- Егер уақыт ұстамы мен ҚТ –ды өшіру кезінде 2.2.4 талабы орындалса, қорғаныс резервті түрде іске қосылса РҚ құрылғысы уақыт ұстамымен селективті түрде орындалуы рұқсат етеді.

- РҚ –тың функциялау сенімділігі (іскеқосылу шарты пайда болған кезде іскеқосылу және шарттың болмауын іскеқосылмау) параметр мен орындалуы бойынша берілгеніне сәйкес келетін құрылғылардың пайдаланылуымен қамтамасыздандырылуы керек.

Қажет болған жағдайда функциялаудың сенімділігін жоғарлату мақсатында арнайы шаралар қолданған дұрыс, анығырақ айтатын болсақ, сұлбелік резервтеу, энергосистеманың жағдайын үздіксіз бақылау керек. РҚ – пен түрлі операциялар оындауы кезінде қызымет көрсетуші персоналдардың қателік ықтималдылығын ескеру керек болады.

- Кернеулік тізбегі бар РҚ бар кезінде:

сақтандырғыштардың жанып кету, автоматты ажыратқыштардың өшірілуі және кернеу тізбегінде бұзылулар кезінде қорғанысты автоматты түрде қалыпты жағдайынан шығаратын құрылғылар (егер бұл бұзылулар қалыпты режимде қорғаныстың жалғап іске әкеп соқтыратын болса) және де осы тізбектегі бұзылулар туралы белгі беретін құрылғыларды қарастырған жөн.

- Әрбір нақты жағдайда уақыт ұстамы бар РҚ-үшін токтың бастапқы мәнінен немесе ҚТ кезде қорғаныстың кедергісі іске қосылуының бастартылуынан өзге қорғаныстың үнемділігін қарастырған жөн.

- Аралас элементтердің ажыратқыштың немесе қорғанысының істен шығу кезінде әсері үшін резервтік қорғанысын орнату қажет, бұл қашықтық резервтік әсер ету үшін арналған.

Егер элементтердің негізгі қорғанысы абсолют селективті болса (мысалы жоғарғы жиілікті қорғаныс, бойлық және көлденең дифференциалды қорғаныс), онда дәл осы элементте резервті қорғаныс орнатылуы қажет, резервті қорғаныс негіз қорғаныстың бастарту немесе істеншығу кезінде жұмыс істеп кетуі қажет.

Егер 110 кВ желінің негізгі қорғанысы салыстырмалы селективтілі болса (мысалы, уақыт ұстамы бар бір сатылы қорғаныс), онда: осы желіде ҚТ болған кезде аралас элементтер қорғанысының қашықтық резервтік әсер ету шарты орындалмаған кезде бөлек резервтік қорғанысты қарастырмауға рұқсат етеді;

Осы жағдайда жиі резервтеу шараларын қарастыру қажет.

- РҚ –тың негізгі түрлерінің сезімталдығының бағалануы сезімталдық коэффициентімен орындалады, ол былай анықталады:

зақымдалу кезінде физикалық шамалардың өсуін сезетін қорғаныстар үшін қорғалатын аймақта металдық ҚТ кезінде физикалық шаманың (ток немесе кернеу) есептік мәнінің қорғаныстың іскеқосу параметрлеріне қатынасымен;

зақымдалу кезінде физикалық мәндердің кемуін сезетін қорғаныстар үшін қорғалатын аумақта металдық ҚТ кезінде қорғаныстың іскеқосылу параметрлерінің осы физикалық мәндердің (кедергі немесе кернеу) есептік мәніне қатынасымен.

- Негізгі қорғаныстың сезімталдығын анықтау кезінде сезімталдық коэффициенттерінің мәндері арнайы бекітілген:

бағытталған және бағытталмаған кернеулердің жіберілуімен және жіберілмеуінсіз МТҚ –ның кернеуі және ток мүшелері үшін 1,5 –ке тең болу қажет;

көпфазалы ҚТ –дан дистанционды қорғаныс:

дистанциондық қорғаныстың кез –келген түрінің жіберілу мүшесі және дистанционды мүшенің үшінші сатысы үшін -1,5;

резервтік іскеқосылуды есептегенде қорғалынатын аймақтың ҚТ кезінде әсер ету қажет дистанционды мүшенің екінші сатысы үшін -1,5, қорғаныстың үшінші сатысы болғанда -1,25.

Қорғаныстың орнатылған жерінде ҚТ болған кезде трансформатордың уақыт ұстанымсыз ток үзіндісі (ТҮ) -2.

-Резервтік қорғаныстың сезімталдығын бағалау кезінде сезімталдық коэффициенттерінің мәні арнайы бекітілген:

кедергі, ток мүшелері үшін -1,2.

-Қт –дан РҚ құрылғыларының токтық тізбегін қоректендіруге арналған ТТ –ы келесі талаптарды қанағаттандыруы қажет:

1. қорғалынатын аймақтан тыс ҚТ болу кезінде қорғаныстың артық іскеқосылуын жою мақсатында ток трансформаторы (ТТ) –ның ықтималдық қателігі 10% -дан аспауы қажет, асқан жағдайда оған арнайы шаралар қолданылады;

сатылы қорғаныстар үшін –қорғаныс сатысының әсер ету аймағының соңында ҚТ болған кезінде, ал бағытталған сатылы қорғаныстар үшін сондай-ақ және сыртқы ҚТ кезінде;

Қалған қорғаныстар үшін ҚТ кезінде.

ПУЭ бойынша трансформатор қорғанысы.

-Трансформаторлар үшін жұмыстың қауіпсіз режимдерінен және зақымдалудың келесі түрлерінен РҚ –тың құрылғылары қарастырылуы қажет:

1) трансформатордың шығысында және орамында болатын көпфазалы тұйықталудан;

2) саңылаулыжерленген нейтральді торапқа қосылған трансформатордың шығысында және орамында болатын бірфазалы жерден тұйықталудан;

3) орамдардағы орамалық тұйықталудан;

4) сыртқы ҚТ –дан болатын орамдағы токтардан;

5) асқынжүктемеден болатын орамдағы токтардан;

6) май деңгейінің төмендеуінен.

-Сыртқы қабатының ішінде болатын зақымданудан қорғау: газдық қорғаныс, ол май деңгейінің түсуімен және газдың бөлінуінен қорғайды.

Газды қорғанысты мына электрқондырғылары үшін қарастыруымыз қажет:

қуаты 6,3 МВА және одан жоғары боларын трансформаторлар үшін;

қуаты 6,3 МВА және одан жоғары боларын цехтың ішінде орнатылған төмендеткіш трансформаторлар үшін;

КБР (РПН) трансформатор қорғанысы үшін бөлек бакка бөлек газдық реле орнатады.

-Қуаты 1 МВА және одан жоғары болатын трансформатордың орамдарындағы токтардан қорғаныс ретінде келесі қорғаныстарды қарастыруға болады:

1. төмендеткіш трансформаторларға кернеу бойынша жібелілу және жіберусіз МТҚ –сын;

екіжақты қорек көзі бар кезде симметриялы емес ҚТ –дан нөл реттілік ток қорғанысын орнатамыз.

-Жоғарғы жағынан қоректенетін екі орамды трансформаторларға көпфазалы ҚТ –дан ток қорғанысын орнатамыз.

110 кВ желі қорғанысы.

-110-500 кВ- ғы тораптардағы желі үшін жерден тұйықталған және көпфазалы ҚТ –дан РҚ құрылғыларды орнату қажет.

-Асинхронды жүріс немесе діріл болатын жағдайда қорғаныстың артық істеп кетуіне тыйым салатын РҚ құрылғымен жабдықталуы қажет.

-110-220 кВ желілер үшін негзгі қорғанысты қарастырған кезде бірінші кезекте энергожүйесі жұмысының тұрақтылықты сақтау талабын ескеру қажет.

Тұрақтылықты есептегенде басқа қатаң талап көрсетілмесе үш фазалы ҚТ кезінде электростасасы мен к/ст-ның шиналарындағы қалдық кернеу $0,6-0,7U_{ном}$ –төмен деп қабылданып уақытты ұстамынсыз өшіріледі.

-110-220 кВ –ты желі үшін негізгі қорғаныс ретінде дистанционды және нолдік бағытталған ток қорғанысын аламыз, бұлар құрылғы сезімталдық шарты бойынша тиімді.

Шина қорғанысы.

-110 кВ –ты шина үшін релелік қорғаныс құрылғысын таңдағанда екеуленген шина жүйесі үшін қарастырамыз.

-6-10 кВ –ты секциаланған толық емес екі сатылы дифференциалды қорғаныс қолданылады, оның бірінші сатысы кернеу және ток бойынша ТУ немесе дистанциондық қорғаныс түрінде, ал екінші сатысы МТҚ түрінде қолданылады.

2.2 Трансформатордың дифференциалдық қорғанысы. Әсер ету принципі және қолдану аймағы

Көлденең дифференциалдық ток қорғанысының әсер ету принципі 70 жылдардан бастап белгілі. Дифференциалды қорғаныстың (ары қарай "көлденең" сөзін алып тастаймыз) айналмалы ток пен принципіалды қандайда бір элементтің бір фазасына, біріншілік токтарының мәні ($I_{1-1} = I_{1-2}$), бастапқы және соңғы жағында бірдей болуы 1ТТ және 2ТТ –ның екіншілік орамдары тізбектей қосылған (1ТТ –ның соңы 2ТТ –ның басымен) қорғалып отырған элементтің екі жағында 1ТТ және 2ТТ ТТ-ы дифференциалды қорғаныстың әсер ету аймағында орнатылған. Дифференциалды қорғаныс тогының релесі ТД оған параллель қосылған. ҚТ нүктесі К дифференциал қорғаныстың әсер ету аймағы сырт жағында (мұндай ҚТ сыртқы немесе өтпелі деп аталады), ал қалыпты режимде ТТ –ның екіншілік тогының жүктемесі сәйкес $I_{2-1} = I_{2-2}$ қорғаныстың қосылатын сымдарымен циркуляцияндырылады.

1ТТ және 2ТТ трансформаторының трансформация коэффициенті бірдей болған жағдайда және олардың қателіксіз жұмыс жасау екіншілік токтарының $I_{2-1} = I_{2-2}$ мәні бір – біріне тең, ал олардың реле ТД –ға бағыты қарама – қарсы. Сонымен, біз қарастырылып отырған идеалды жағдайда реле ТД тогы:


$$I_p = I_{2-1} - I_{2-2} = 0, \quad (2.1)$$

Сонымен, әсер ету принципі бойынша дифференциалды қорғаныс өзінің әсер ету аймағындағы зақымдалуды сезбейді, яғни көрші элементтерде (селіде, қозғалтқыштарда), сондықтан уақыт ұстанымсыз болуы мүмкін. Бұл қорғаныс абсолютті селективті қорғаныс тобына жатады.

Жүктеме режимінде әсіресе сыртқы ҚТ кезінде, ТД релесіндегі ток нөлге тең болуы мүмкін емес, өйткені 1ТТ және 2ТТ ТТ әртүрлі мәндердегі қателіктерге ие, тіпті біріншілік токтарда екіншілік токтар I_{2-1} және I_{2-2} бір –

бірімен тең емес. ТД релесіндегі ток жүктеме режимінде және сыртқы ҚТ теңсіздік тогы $I_{нб}$ деп аталады. Сонымен, (2.1 [3]) өрнекті өзгертеміз:

$$I_p = I_{2-1} - I_{2-2} = I_{нб} , \quad (2.1a)$$



а) сыртқы ҚТ кезіндегі токтың таратылуы; б) қорғаныс әсер ету аймағындағы ҚТ

2.1-сурет – Көлденең дифференциалды қорғаныс айналмалы токтар мен принципалды сұлба

Бұл режимдерде дифференциалды қорғаныс жұмыс істемеуін қамтамасыз ету үшін ТД релесінің іскеқосылу тогын теңсіздік тогынан жоғары етіп таңдаймыз:

$$I_{с.р} \geq k_n I_{нб} , \quad (2.2)$$

мұндағы k_n – сенімділік коэффициенті, оны соңғы типті дифференциалды қорғаныс үшін 1,3 деп қабылдайды.

ҚТ кезінде дифференциалды қорғаныстың әсер ету аймағы қорғалып отырған элементтің екі жақты қоректену жағдайында, I_{1-2} біріншілік тогымен I_{2-2} екіншілік тогының бағыты 180° – қа өзгереді. Осыған байланысты ТД релесінен ҚТ – ның қосындысы өтеді:

$$I_{р.к} = I_{2-1} + I_{2-2} , \quad (2.3)$$

ТД релесі қорек көзінен зақымдалған элементті ажыратуға іске қосады. Бір жақты қоректену жағдайында ТД релесінен ҚТ токтарының бірі I_{2-1} немесе I_{2-2} өтеді. Осыған байланысты дифференциалды қорғаныста ажырату үшін іске қосылуға міндетті. Бір жақты қоректену режимі дифференциалды қорғаныстың сезімталдық бағасының есептелінуі болып табылады, ол сезімталдық коэффициент көмегімен өрнектеледі:

$$K_{\text{ч}} = I_{\text{р.мин}} / I_{\text{с.р}} \approx 2, \quad (2.4)$$

мұндағы $I_{\text{р.мин}} = I_{2-1}$ немесе I_{2-2} .

Ереже бойынша көлденең дифференциалды қорғаныс қуаты $S = 6.3 \text{ МВ} \cdot \text{А}$ және одан да үлкен трансформаторларда қолданылуы міндетті, және де $S = 4 \text{ МВ} \cdot \text{А}$ трансформаторларда параллель қосылады. Содан басқа $S = 1 \div 2,5 \text{ МВ} \cdot \text{А}$ трансформаторларда дифференциалды қорғаныс қолданылуы мүмкін, егер де ТҮ сезімталдылық талаптарын қанағаттандырмаса, ал максималды ток қорғанысы (МТК) $t > 0,6 \text{ с}$ іске қосылу уақыт болады.

Трансформатордағы дифференциалды қорғаныс орындалудың ерекшеліктері.

Күштік трансформатор және оның көлденең дифференциалды қорғаныс орындалуына желіге, генераторға, қозғалтқышқа қарағанда бірқатар сипаттамалық ерекшеліктері болады.

Күштік трансформаторда басқа орамда болмайтын, қорек көзі жағынан орамда магниттеліу тоғы өтеді, сондықтан ТД релесіне теңсіздік тоғы барады. Қалыпты жағдайда магниттелу тоғының мәнісі номиналды токтың бірнеше пайзынан аспайды. Мысалы, 110 кВ трансформаторға (ГОСТ 12965-74) магниттелу тоғы номиналды токтың 1,5 0,55%.

Бірақ трансформаторларды кернеуі бар кезде қосқанда немесе жақын жердегі ҚТ өшіру кезіндегі кернеудің қайта қалпына келуі кезінде магниттелу тоғы лақтыруы кезінде ТТ – ның номиналды тоғынан 5-8 есе артады. Сондықтан дифференциалды қорғаныстың (оның іске қосылмауы) магниттеліу тоғының лақтыруынан ретке келтіру бүгінгі күні әлі толық есептелмеген есеп болып тұр.

Күштік трансформаторда орамдардың біріншілік токтары ЖК, орта кернеу (ОК) және ТК бір – біріне тең емес, ал стандартты ТТ- ның трансформация коэффициенті мынадай, олардың көмегімен тәжірибеде дифференциалды қорғаныстың иықтарындағы екіншілік токтардың мәнін теңдестіру мүмкін емес. (2.1а) өрнегінде көріп тұрғанымыздай екіншілік ток мәндерінің теңсіздігі теңсіздік тоғын туғызады.

Екіншілік токтың мәндерінің теңсіздігі және теңсіздік тоғы мына себептерден де болуы мүмкін:

әртүрлі қателіктегі, әр типтегі ТТ – ның жұмыс істеуі

трансформатордың бір жақ бетінен кернеуді реттеу салдарынан біріншілік және екіншілік ток мәндерінің өзгеруі және басқа беттегі ток мәндерінің өзгермеуінен;

орам сандары топ жалғауы кезінде $\Delta/\Delta/Y$ - 11 фазалық шығыстағы біріншілік токтардың бұрышты ығысуынан; егер арнайы шаралар қолданылмаса бұл бұрыштың ығысу екіншілік токтар арасында болады.

Бұл қарастырылған күштік трансформаторының ерекшеліктері бұның дифференциалды қорғаныстың ерекшеліктерін анықтайды. Бұны орындау үшін негізгі екі есеп есептелінуі қажет:

трансформаторды қосқан кезде пайда болатын магниттелу тогының секіріп өзгеруінен қарап қойылуы;

сыртқы ҚТ кезіндегі теңсіздік тогына қарап реттелуі.

Кернеу бар кездегі магниттелу тогының лақтыру арқылы ретке келтіру жолы.



Күштік трансформатордың кернеуі бар кездегі қосылуы магниттелінген тогының жетілуі мүмкін, жоғарыда көрсетілгендей номиналды токтың мәні 5-8 мәрте, бірақ ол тез өшеді де $t = 0,5 \div 1$ с – тан кейінгі номиналдан көбірек азая түседі. Бұл ерекшелік дәрежелікке қолдануына арналған, бірақ тез істейтін дифференциалды қорғанысты – дифференциалды үзінді деп аталады. Бұл іскеқосылу ТҮ – н трансформатордың номиналды тогынан 3-4 есе үлкен етіп таңдайды. Осындай дәрежі келтірудің арқасында және кей іскеқосылудың бәсеңдетілуінен магниттелінген токтың лақтыруынан дифференциалды үзінді ретке келтірген болуы мүмкін, бірақ оның істеу аймағында ҚТ кезіндегі сезімталдығының төмен болуынан. Дифференциалды үзіндінің сезімталдығының төмендігінен соңғы жағдайда әрқашан қолданады және де оны жаңа шарттарда қарастырмайды.

Қазіргі кезде дифференциалды қорғаныс кеңінен қолданылады, ретке келтіру үшін магниттелген токтың лақтырылуына қолданылады, синусоидалы емес пішіндегі тегіс емес токты дифференциалдық тізбектердің ерекшелігі кернеу бар кездегі трансформатордың қосылуында, дәлірек:

магниттелген токтың қисық лақтырылуындағы аралау бір жағы нөлдік желі мен жартытолқынның артқа қайтуының болмауы;

магниттелмеген токтың лақтыруында токсыз токтау 7-10 мс созылуы магниттелген токтың жартылайтолқын қатыспауы болғандықтан (2.2 а) сур. [3]);

магниттелген токтың лақтыруында жұп гармониктердің құрамы үлкен.



а) токтың қисық лақтыруының сипаттамасы мен б) ҚТ –дың қисық тогы

2.2 сурет - Күштік трансформатордың қосалқы кернеуі бар кездегі бір фазасының магниттелген.

Көбіне дифференциалды қорғанысты РНТ және ДЗТ орындалған, ретке сәйкес келтіруге магниттелген токтың лақтыруына негізгі бірінші қарастырылғандарды пайдаланады. Бұл релелердің орындаушы мүшесі (ток

релесі) аралық трансформатор арқылы дифференциал тізбекті магнитті сымында жоғарлатылған индукциясымен қорғанысқа қосылған. Сондай ақ трансформатор тогының біріншілік орамына бірполярлық ток беріледі (2.2 а сур.), бұл токтың апериодты құраушысы магнитті сымынға терең қанықталған, барлық біріншілік токтар магниттелген токқа айналады және идеалды жағдайда екіншілік орамда трансформациаландайды (тасымалданбайды). Орындаушы мүше қаныққан ТТ–ның екіншілік орамына қосылғаны себептен іске қосыла алмайды. Мұндай ТТ – ы тез қаныққан (ТҚТТ) я қаныққан ТТ – ы (ҚТТ) деп аталады.

Егер ҚТ қорғаныстың істеу аймағында ҚТТ – ның біріншілік орамы арқылы синусойдалы ҚТ тогы өтеді (екі полярлы) (2.2 б сур.), онда ҚТТ бұл токты екіншілік орамда тасымалдайды және орындаушы мүшенің іскеқосылуын РНТ немесе ДЗТ релелерін қамтамасыз етеді. Айта кететін жайт, ол ҚТ апериодты құраушысына пайдалану алады, ҚТТ қанығатын және периодты құраушыға тасымалдануына кедергі жасайды. Бірақ ҚТ тогының апериодты құраушысы тез өседі, содан кейін периодтықұраушысының есебінен реле іске қосылады. ҚТТ мен қорғаныстың іскеқосылуының толық уақыты қолайсыз шарттарда $t = 0,12$ с- тан аспайды .

Жазылған идеалды анық ҚТТ –ның жағдайына айырмашылығы магниттелген токтың бирполярлы бөлігін тасымалдайды. Одан өзге, қосылулы үш фазалы трансформатордың кернеуі бар апериодты токтың магниттелген тогының лақтыру кезінде фазалардың біреуі қатыспауы ықтимал (осылай аталатын периодтың магниттелген токтың лақтыруын, ҚТТ- сыз жақсы тасымалдайды). Сондай форма ҚТТ- ның кірісіндегі қисық тогы орынды пайдалануы мүмкін және сол жағдайда, егер дифференциалды қорғаныстың трансформаторының тогы үлкен кателікпен істесе және магниттелген токтың лақтыруындағы периодты құраушысын ғана тасымалдаса. Барлық бұл болатын жағдайлар күштік трансформатордың жоғарысезімталды дифференциалды қорғанысына ҚТТ –ның көмегінсіз орындалуына кедергі келтіреді. Тәжірибе жүзінде іске қосылу тогы мына релелер үшін қолданады: РНТ $I_{с.з} \geq 1,3 I_{ном.тр}$, ал ДЗТ үшін $I_{с.з} \geq 1,5 I_{ном.тр}$, яғни қорғалып отырған трансформаторлардың номиналды тоғынан үлкен.

Әсіресе, шет мемлекеттердің тәжірибесінде қолданатын магниттелінген токтың лақтыруының ретке келтіру жолы екінші гормониканың көмегімен дифференциал қорғаныстың іскеқосылу тогымен орындалуына көмек береді, ТТ –ның аз номиналымен, бірақ анықталған жеткіліксіздікті пайдаланады: аумақтағы ҚТ кезіндегі іске қосылу баяулауының елеулігі және де ҚТ тогының үлкен қысқалықтары кезіндегі бастартуының мүмкін, дифференциалды қорғаныстың қаныққан ТТ –ғы екіншілік тогында терең жұп гормоникалар пайда болады. Зақымдалған трансформатордың өнуіндегі бастартуынан құтылу үшін қосымша дәрекі дифференциалды үзінді қойылады.

Жартылай өткізгішті элементтің көмегімен магниттелген токтың лақтыруын реттеу үшін пайдалану мүмкіндігі пайда болады және магниттелген токтың лақтыруындағы токсыз үзіліс айырмашылығы және трансформатордың

зақымдалуындағы ҚТ тогы (2.2 а,б сурет). Соңғы жылдары зерттеулердің көрсетуі бойынша барлық негізгі нұсқаулардағы магниттелген токтың қисық лақтыруының формалары токсыз үзілісті қолданады. Ол арнайы сұлбалармен тіркеледі және алдын ала берілген үзіліс мәнімен салыстырылады. Егер белгіленген үзіліс берілген мәннен көп бастартса, онда қорғаныс әсеріне тыйым салынады. Бұл принципті қолданушы дифференциалды реле, ол импульсті – уақыт деп аталады, және соның негізінде ДЗТ- 11 ифференциалды релесі жасалған. Қорғаныстың істеу аймағындағы ҚТ кезінде ҚТ тогының токсыз үзілістері токтың үлкен бөліктерінде орыналуы мүмкін, ол негізгі ТТ- ның дифференциалды қорғанысының терең қаныққан кезінде байқалады. Импульсті –уақыт релесін істеусіз мүмкіндігін қолдай отырып, қорғаныста бұл жағдайда қосымша дифференциалды ТҮ- сі іскеқосылу тогының үлкен мәнімен қарастырылған. Магниттелу тогының лақтыруындағы трансформатордың дифференциалды қорғанысын ретке келтіруінің басқа да амалдары көрсетіледі, пайдаланушы көрсетілгенінің айырмашылығы бұл қисық токтың формасы синусойдадан тәуелді. Мысалы, жартылайөткізгіштің қойылу сериясы РНТ- 560 және ДЗТ -10 релелеріне жасалған, бұл релелерді дөрекілейтін бірінші туынды дифференциалды токтың лақтыруындағы үзілістің пайда болуы. Осындай қойылу ҚТ тогымен трансформатордың дифференциалды қорғанысының сезімталдығын айтарлықтай көтеруіне болады.

2.3 Газдық қорғаныс

Іске қосылу принципі және пайдалану аймағы ГОСТ 10472-71 газдық қорғаныс маймен толтырылған күштік трансформаторларды қоғау үшін арналған, олар кеңейткішпен жабдықталған, ішкі зақымдалудың барлық түрінен қорғайды, газдың бөлінуімен бірге майдың бактан кеңейткішке үдемелі ағуынан және трансформатор багынан майдың ағып кетуінен де сақтайды.

Газдық қорғаныстың өлшеуіш мүшесі болып газ релесі алынады. Газ релесе металданжасалған екі қалытқысы бра ыдыс тәрізді, олар трансформатор багынан кеңейткішпен қосатын иілген құбыр желісіне соғылады. Қалыпты жағдайда да газ релесі трансформатор майымен толтырылып, қалытқылар көтеріңкі қалпында болады және олармен байланысқан электр түйіспелері ажыратылған болады. Елеулі емес зақымдалуларда трансформатордың ішіндегі майдан аймақтық қызудың әсерінен газ бөлінеді, олар бактың қақпағына қарай ұмтылады, сөйтіп газ релесінің жоғарғы жағына жиналып, оның ішінен майды ығыстырады. Екі қалытқының жоғарғысы май деңгейімен бірге төмен түсіп, түйіспелері тұйықталып, ескерту сигналына әсер етеді.

Ал күрделі зақымдалуда трансформатор ішін көп мөлшерде газ бөлініп, майды жылдам бактың ішінен кеңейткішке ығыстырады. Майдың ағымы газ релеі арқылы өтедіжәне төменгі қалытқыны іске қосады, ол зақымдалған трансформаторды өшіруге бұйрық береді. Бұл элемент тағы, трансформатор ішіндегі майдың мөлшері өте төмендеп кеткен жағдайда да іске қосылады (мысалы, бак зақымдалғанда және май ағатын болса).

Газдық қорғаныс өте сезімтал және зақымдалуды бастапқы сатысында таба алады. Трансформатордағы күрделі зақымдалуларда газдық қорғаныс жеткілікті жылдам істейді (0,1-0,2 с). Осы артықшылықтың арқасында газдық қорғаныс 6,3 МВА қуатты трансформаторда міндетті түрде орнатылады және одан жоғарыларда да, және де цех ішіндегі төмендеткіш 630 кВА қуатты трансформаторда, пайдаланылады. 1-ден 4 МВА-ға дейінгі трансформаторларда да газдық қорғанысты орнатуға болады.

Газдық қорғанысты баптау

Трансформаторлардың басқа қорғаныстарынан ГҚ едәуір айырмашылықтары бар, біріншіден, өзінің трансформатор ішіндегі зақымдалуларды жоғарғы сезімталдығымен, екіншіден, ГҚ сигналға немесе өшіруге істегенде, газ релесінде ауа немесе газ қалады. Бұл алынған өзге өзгешеліктерден трансформатордың зақымдалуын анықтауға болады. ГҚ қызмет көрсету бір қатар өшгешеліктері бар және белгілі жоспармен жасалады.

Жаңа трансформаторды бірінші рет қосқанда газдық қорғанысты қолдану әдісі. Жаңа трансформаторды кернеуге қосар алдында газ релесінің сигналға істейтін элементтің түйіспесіне параллель қосып, екі элементтің жұмысын өшіруге қосамыз. Мұндай сұлбе уақытша алғашқа 30 минут, трансформатор кернеуге қосылып тұрғанда сақталу қажет. Осы алғашқы минуттарда жаңа трансформатордың ақауын және зақымдалғанын көруге болады, бұл жағдайда сигналдық элемент трансформаторды өшіреді, және де зақымдалудың алдын алады. 30- минуттық аралықтан кейін трансформатор тексеріске өшіріледі және сигналдық элементтің түйіспесі өзінің сигналдық орнына қайтарылады. Ал өшіруге бағытталған элемент өзінің өшірулі жағдайында болуы керек. Жаңа трансформатор майында, орамдар арасында және трансформатордың жаңа бұйымдарының арасында белгілі бір мөлшерде ауа болады, ол ауа трансформаторды тоқпен қыздырғанда трансформатордың жоғарғы қақапағына қарай көтеріледі және газ релесінің жоғарғы кернеу жағында жиналады.

3 Қосалқы станцияның орталық сигнал беруі

3.1 Жабдықтар құрылғысы және сигнал беру тізбектері

Сигнал берудің негізгі бекітілуіне (түрі, жарығы, дыбыс белгілеріне) жедел қызмет етушілер тізбектің электр сұлбасындағы өзгеріске назар аудару қажет, тізбектің қауіпті режимінің немесе нақты жабдықтардың РҚА нақты құрылғысына әсер етеді және тағы басқа.


Сигнал беру құрылғылары. Нысандарда жабдықтардың әртүрлі белгілері пайдаланылады: көрсеткіш реле, реленің сигналы импульстік түрде беріледі, шырылдау, дыбыс беру нысандары, табло, сигнал шамдар және тағы сол сияқты.

Көрсеткіш релесі сигнал беру үшін, дұрыс режиммен жұмыс жасаудың бұзушылығына сипаттама беру жайлы әрекет атқару үшін қолданылады (мысалы, жабдықталуды жүктеу, тізбектерді жерге тұйықталу және тағы басқа). Сондай ақ РҚА-ң нақты құрылғысының не кейбір элементтерінің жұмыс жасауына керек. Жақсы жағдайда, тоқ көрсеткіш релесінің орамынан өтпесе, онда реленің жалаушасы реленің шыққан якорының (зәкір) бортында көтерілген күйінде қалады. Көрсеткіш релесінің орамасынан өткен тоқтың, якорь реле жүрекшесіне қарай тартады, жалаушаны босатып, ол өз күшінің әсерінен құлайды. Мұндай кезде реле жалаушасы (терезе) арқылы көрінеді. Қызметші құлаған жалаушаны байқау мүмкіндігін жоғарылату үшін оны ашық-қызыл немесе сары бояуға бояйды.

Жалауша құлаған сәтте көрсеткіш релесінің түйіспесі зақымдалынады, олар белгі беру түрін және дыбыс беруші сигнализациясының тұйықталуы үшін қолданылады. Белгі беруші жалауша мен көрсеткіш релесінің түйіспесі жедел қызмет етуші, оларды дұрыс күйге келтірмегенше сол күйінде тұрады. Жалаушаны көтеру мен түйіспелердің ажырауы батырма арқылы немесе реленің сыртқы қаптамасында қондырылған қайтарылымның бұрылысын басушы сы арқылы атқарылады. Реле жалаушалары кездейсоқ дірілден немесе тербелістен құламауы үшін өзі қондырылған орнына мықтап бекітіледі. Әрбір көрсеткіш құрылғы релеге немесе оның қасына жалауша құлауын себебін түсіндіретін плакат жазып қою керек (мысалы, жерге тұйықталу, қорғанысқа қосылуының бір әрекеті, тағы басқалары). РТ-80, РТ-90, дистанционды бөлек түрлері, аралық және тағы басқадай реле тоғының түрлері қатар жалаушалар деп аталады. Алайда, жедел қызметшілердің ескеретіні деректері мыналар: қатарлас жалаушалардың құлауы әртүрлі және дыбысты сигнализацияның бір мезгілде қызмет атқаруына кедергі келтірмейді. Қатарлас жалаушалардың дұрыс режимі бұзылғанда қорғаныс құрылғыларының әрекет етуіне көмектеседі. Көрсеткіш релесінің бүкіл тізбегі әрекет етушінің нұсқаулығында болуы керек (реле қатарлас жалаушаларымен) әрбір реленің қолданылуының түсіндірмесімен қоса және де олардың көрсеткішімен, іске қосылуымен бірге.

Жарық таблосы басқару қалқасындағы панельдердің пульттарына орналастырады. Олардың кейбіреулерінің корсеткіші релеге сәйкестері жалаушалары көтерілгенікезде ғана өшіріледі.

Импульстік сигнал беру релесі (ИРС) орталық дыбыстық сигнал берумен қатар апат сызбасында және дабыл беру кезінде қолданылады.




3.1-сурет – Импульстік сигнализация релесінің сұлбасы

Бұл құрылғы T_r трансформаторларынан, R резисторынан және полярлау релесінен тұрады (3.1-сурет). Өрістік реле M тұрақты магнит, $Я$ қозғалмалы якорь және I II екі орамалы электромагниттен тұрады. Ток электромагнитті I орамамен реле якорына өткен кезде, екі магниттік ағын: тұрақты магниттік ағын, ол Φ_p және электромагниттік ағын ол жұмысшы Φ_r деп аталады. Φ_p полярлы ағын солтүстік поюстан шығатын тұрақты магнит пен ауа саңлауында $\Phi_{па}$ мен $\Phi_{пб}$ болып екі түрге бөлінеді. Тұрақты тоқтық сигналды тізбегіндегі зақымдануда, осы тізбектегі токтың өсуі кезінде және T_r алғашқы орамада магниттік сымдағы магниттік ағын өсімі T_r индукциялы екінші орамаға өтетін. Осы ораманың әсері I полярлы релеге өте қысқа уақытта ток береді. I электромагнитті орамадағы токтың өтуі сол жақ бөліктегі ауа саңлауы $\Phi_a = \Phi_{па} - \Phi_{рI}$ магниттік ағынға әсер береді, нәтижелі магниттік ағын ауа саңлауының оң жақ бөлігінде $\Phi_b = \Phi_{пб} + \Phi_{рI}$, $\Phi_b > \Phi_a$. Мұндай жағдайда Φ_b магниттік ағын әсерінен реле якоры оң жаққа шегеріліп, K түйіспесі тұйықталынады.

II электромагнитті орам бойынан токтың өтуі Φ_r магниттік ағынның бағыты өзгереді; бұл жағдайда $\Phi_a > \Phi_b$ және реле якоры солға шегеріледі, K түйіспесін ажыратады. Электромагнитті орамада токтың жоғалуы Φ_p магниттік ағынының әсері реле якоры осының алдында орналасқан күйінде қалады (реле екі позициялы жұмыс атқарады).

Тұрақты жедел токтың өндірісінде (ИРС-Э2М) импульсты сигнал беру релесі шығарылуда. Бұл реленің ішінде жартылай өткізгіш триодтардың

күшейткіштері қосымша бекітіледі, полярлы реле орамасындағы тоқты күшейткіш, яғни ИСР-Э2 релесімен салыстырғанда сол мағынаны береді, трансформатордың екінші орамасында ИСР-ЭММ реле түріне 30 сигнал беруге (тоқтың 30 өзгерісіне сәйкестендірген) жарамдылығы қарастырылады, Тр трансформаторындағы алғашқы орамадағы тұрақты тоқты біртіндеп өсіреді, бұрынғы сигналдардың орнын басады.



3.2-сурет – ИСР типті релесімен апаттық сигнализация тізбегінің сұлбасы

Сигнал берудің тізбектері. Бекітуге байланысты апатқа сигнал беру тізбегін айыру белгісі ажыратқыш ережесінің сигнал беру тізбегіне, бөлгіштер мен басқа да аппараттар ескерту сигналдарын беру тізбектеріне байланысты.

Апаттық сигнал беру тізбектері. ИСР импульстік сигнал беруші релені қолдану арқылы жүзеге асырылады. 3.2-суретте ажыратқыштың түйіспесінің ережесін қосқанда және басқарушының сұлбасындағы басқа релелердің түйіспесінің ажыратқыштарының өшірілуіне сәйкестендірілген, 3.2-суреттегі (1 РФ, 2РФ) ажыратқыштардағы реле түйіспесінде орналасқан. Жанып тұрғанда, мысалыға 18 ажыратқыш түйіспесі ашылған болса, 1 РФ түйіспесі жабық. Апат кезінде өшірілгенде 1 В ажыратқыш түйіспесі зардап шегеді және де трансформаторға алғашқы орамамен тоқ барады. ИСР релесі жұмыс атқарады, оның түйіспесі аралық реленің қызметін атқаруына зор әсерін тигізеді. АР түйіспесінің тұйықталуы апат сигналын беруге әсер етеді, ИСР полярлы II реленің орамалары жабылды, полярлы релелік якоры бастапқы қалыпына келеді, ИСР түйіспесіне ықпал етіп, АР орама тоғы зақымдалып, БСДС дыбыс сигналының кнопкасы ИСР түйіспейді, АР қорек тізбегін үзеді, АР реле түйіспелері бұрынғы қалпына келіп, дыбыс сигналы өзінің қызметін атқара алмай қалады және да апат сигналының сұлбасы әрекет етуге дайын болып тұрады. Ажыратқыштың дабыл беру тізбегіндегі ораласу, сондай-ақ сигнал

